

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОРАЛ
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ
БӨЛІМІНІҢ
«№50 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №50» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА УРАЛЬСКОГО УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҚО, Орал қаласы, Заचाганск кенті,
Сарытау иқшам ауданы, С.Айтқұлов көшесі, құр. 63
тел./факс: 8 (7112) 30-17-39
e-mail: 50shkola@yandex.ru

ЗКО, город Уральск, поселок Заचाганск,
мкр Сарытау, улица С. Айтқұлова, ст-е 63
тел./факс: 8 (7112) 30-17-39
e-mail: 50shkola@yandex.ru

Бұйрық №11

05.02.2021 жыл

**Мектепшілік жас мамандар
арасында «Сыбайлас
жемқорлыққа жол жоқ» эссе
байқауын өткізу туралы**

Педагог жас мамандардың азаматтық – патриоттық көзқарастарын қалыптастыру, жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудағы еліміздің жастарының алдында тұрған міндеттерін сезіндіру, өзінің Отанына, туған жеріне және тұрғылықты жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, шығармашылық ойлау мен өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту мақсатында, мектептің ғылыми – әдістемелік жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 8-13 ақпан күндері мектепшілік «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» эссе байқауы өткізілсін;
2. Байқау ережесі бекітілсін (қосымша 1);
3. Байқауға педагог жас мамандар қатыстырылсын;
4. Байқау жұмыстарын бағалап, қорытынды шығару үшін қазылар алқасы құрылсын (қосымша 2);
5. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г.Жукееваға жүктелсін.

Мектеп директоры

М.Жумагазиева

Бұйрықпен таныстым:

Б.Қ.Қайыркүл
Р.З.Утегенова
Ш.С.Ихсанова
Ш.Г.Калиева
С.Н.Жукеева

ЕРЕЖЕ**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы Ереже «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» эссе байқауын (Бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізілуін «№50 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жас қанат» жас мамандар мектебі жүзеге асырады.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- жас мамандардың азаматтық-патриоттық көқарастарын қалыптастыру;
- Жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудағы еліміздің жастарының алдында тұрған міндеттерін сезіндіру;
- өзіннің Отанына, туған жері және тұрғылықты жеріне ие болу сүйіспеншілікке дағдыландыру;
- шығармашылық ойлау мен өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту.

3. Байқауға қатысушылар:

«№50 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог жас мамандары.

4. Байқаудың өткізілуі мерзімі мен тәртібі:

- 4.1. Эссе байқауы 2021 жылдың 8-13 ақпан аралығында өткізіледі.
- 4.2. Байқауға қатысу үшін жас мамандар 2021 жылдың 11 ақпанына дейін жұмыстарды тапсыру керек.

5. Байқауға ұсынылатын эсселерді бағалау талаптары:

Эссе тақырыбының тақырыпқа сәйкестігі, мағыналық тұрғыдан, байланысы, мазмұндалу жүйелілігі – 10 балл;

Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі – 10 балл;

Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер ғылыми мәліметтерді қолдану мен дерексөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы – 10 балл;

Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген ой немесе сауал туындауына ықпал ету, пікірдің шынайылығы – 10 балл;

Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы – 10 балл.

Ескерту: Эссе жұмысында нақты материалдың пайдаланылуы және оны соны пікірін білдіруі құпталады. Байқауға ғаламтор желісінен алынған немесе оның түрі өзгертілген мәтіндерді ұсынуға қатаң тыйым салынады.

6. Байқаудың қорытындыларын шығару және марапаттау.

Байқаудың қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау 2021 жылдың 12-13 ақпан аралығында болады. Эссе байқауына ұсынылған жұмыстарды мектеп директорының бұйрығымен бекітілген арнайы құрылған Қазылар алқасы бағалайды.

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» эссе байқауының қазылар атқасын құрамы

Б.Қ.Қайыркұл - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Р.З.Утегенова - директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;

Ш.С.Ихсанова - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Ш.Г.Калиева - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

С.Н.Жусупкалиев - тарих пәні мұғалімі